

Соғыс құмарларға

Тағы да түршіктіріп тыныштықты,
Сахнаға «соғыс» деген бір үн шықты.
Айбат қып атомымен адамзатқа,
Бастамақ сұрқыярлар бір сұмдықты.

Тағы да бейбітшілік шырқын бұзып,
Дүрлігіп, даурығуда өңшең бұзық,
Жиһанға жасамаққа қанды жорық,
Жатыр ол «жоба» жасап, «жоспар» сызып.

О, мистер!

Апырақтама, әуре болма!

Апармас сені алысқа атом бомба.

Байқа сен!

Абайлап бас аяғыңды!

Табылародаа мықты, одан зор да.

Қара, сен Греция тауларына,
Көзің сал Вьетнам ауданына.
Ондағы көр қарулы қалың қолды
Аттанған бейбітшілік жауларына.

Москва, Париж, Пекин, Будапеште
Басқосқан адамдарды ал сен еске.
Ұқ:әзір екендігін олардың да
Жолында бейбітшілік зор күреске.

Жоқ, мистер!

Арам ойың орындалмас.

Жауыздық жасағанмен жолың болмас.

Халықта бірлік, достық деген күш бар!

Оқ өтпес,

бомба бұзбас,

Атом алмас!

Бүркіт СҚАҚОВ.

Лениншіл жас. - 1950 ж. - 1 қараша (№52). 2 - б.